

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ Бағдарлама Нормативтік күжат түрі	Пр 017-11.06.2025 30.04.2025 ж. Бет 1-19
---	---	--

«БЕКІТЕМІН»

Темірбек Жұргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы
қабылдау комиссиясының тәрағасы

А. Жудебаев
(2025 жылғы «30» «04» № 10
 Фылыми кенес хаттamasы)



**6B02177 «ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КИНО ЖОБАЛАРДЫ
ПРОДЮСЕРЛЕУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА
ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ЕМТИХАНДАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы, 2025ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ Бағдарлама Нормативтік құжат түрі	Пр 017-11.06.2025 30.04.2025 ж. Бет 2-19
---	---	--

Құрастырушылар:

Ахметжанова А.М.

Азимов С.Ж.

Абишев С.Е.

«Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының отырысында ұсынылды
2025 жылғы 10 04 № 9 хаттама

«Экрандық өнер режиссурасы»
кафедрасының менгерушісі

Попов В. И.

«Кино және ТВ» факультетінің академиялық сапа жөніндегі Кеңесі
мақұлдады

2025 жылғы 17 сәуір № 5 хаттама

«Кино және ТВ» факультетінің сапасы жөніндегі
Академиялық кеңес төрайымы

Лаврик Н.А. Лаврик Н.А.

Келісілді:

«Кино және ТВ» факультетінің деканы

Бакеева М. К.



6B02177 «ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КИНО ЖОБАЛАРДЫ ПРОДЮСЕРЛЕУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Мақсаты мен міндеттері

Қабылдау емтихандарының мақсаты – «Телевизия және киножобалар продюсері» ББ-ға үміткерлердің шығармашылық және кәсіби дайындығын анықтау болып табылады. Қабылдау емтихандары - талапкердің жалпы және интеллектуалдық білім деңгейін, шығармашылық ой-қиялдың, монтаждық бейнелі ойлау қабілетін, материалды түсінікті етіп бере білуін және оның шығармашылық әлеуетін бағалауға мүмкіндік беруі керек.

Қабылдау емтихандарының міндеттері:

- кинематография, әдебиет, бейнелеу өнері саласындағы жан-жақты білімді бағалау;
- туындыны авторлық тұрғыдан баяндаудың түрі мен тәсілінің өзіндік ерекшелігін бағалау;
- сөздік қоры мен шығармашылық ой-қиял байлығын бағалау;
- бейнелі және қисындық ойлау қабілетінің болуын анықтау;
- өзіне тән ойлау ерекшелігі;
- жалпы мәдени деңгейінің көрінісі;
- ағылшын тілін білу.

2. Шығармашылық емтихандар:

1. Телевизиялық және киножобалардың таныстырылымы

Шығармашылық емтихандар:

1. Арт-жоба таныстырылымы.

Талаптар:

Талапкер емтиханға ұсынуы керек:

- Жобаның жазбаша сипаттамасы, алдын ала белгіленген үлгіге сәйкес өзірленген (бастапқы бет + 3 бет компьютерлік мәтін, Times New Roman, 14 кегель);
- Ауызша таныстырылым және слайд-шоу Power Point бағдарламасында (10-15 слайд).

Жобаға қойылатын талаптар: ауызша және жазбаша сауатты тіл, өнер және креативті индустрия саласындағы жоба, идеяның өзіне тән әрі шынайы болуы

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-11.06.2025 30.04.2025 ж. Бағдарлама Нормативтік құжат түрі
		Бет 4-19

2. Коллоквиум /емтихан/ (3 сағат).

Талаптар:

Сұхбат талапкерлердің жалпы мәдени деңгейін, олардың әлеуметтік-мәдени қызметке бейімділігін, адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнату қабілетін айқындайды. Талапкер таңдалған тақырыптың мазмұнын толық ашуы тиіс. Талапкердің музыка, бейнелеу өнері, әдебиет, театр, кинематография салаларында білімі болуы керек; белгілі суретшілерді, композиторларды, әртістерді, актерлерді, музыканнтар мен орындаушыларды білуі тиіс; кино өнерінің, театрдың, әдебиеттің жанrlары туралы түсінігі болуы және барлық өнер түрлерінің даму тарихын білуі қажет.

Талапкерлер қазіргі заманғы Қазақстанның көркем мәдениеті мен өнері мәселелері бойынша алдын ала сұхбаттан өтіп, таңдаған мамандықты түйсіну деңгейі анықталады.

Қабылдау емтиханына арналған сұрақтар тізімі

1. Аудиовизуалды жобаны өндірудің негізгі кезеңдері.
2. Продюсер деген кім? Продюсерліктің түрлері және олардың атқаратын қызметі.
3. Питчинг дегеніміз не? Негізгі қағидаттары.
4. «Препродакшн» не нәрсені қамтиды?
5. Мақсатты аудитория дегеніміз не және ол қалай анықталады?
6. Кинодағы жанр ұғымы. Арапас жанрлардың мысалдары.
7. Продюсер — шығармашылық пен кәсіпкерліктің аралығындағы медиатор.
8. Телевизиялық сериалдың құрылымы: маусымдар, эпизодтар, аркалар.
9. Стримингтік платформалардың ерекшеліктері және олардың индустрияға әсері.
10. Авторлық кино мен жанрлық киноның айырмашылығы.
11. Кино мен телевизиядағы режиссёрдің атқаратын қызметтері.
12. Шоураннер деген не?
13. Киножобаларды қаржыландырудың негізгі көздері.
14. Синопсис, логлайн және тритмент деген не?
15. Түсірілім алаңындағы мамандықтар. Кім қандай шаруа атқарады?
16. Дистрибуция деген не және оның түрлері қандай?
17. Голливудтың продюсерлік моделі.
18. Еуропалық киноөндіріс моделі.
19. Телевизиядағы заманауи ұрдістер (реалити, сериалдар, онлайн-контент).
20. Фильмнің фестивальдік стратегиясы деген не?
21. Телевизиялық бағдарламаның форматы деген не?
22. Хронометраж бен өндірістік кесте қалай анықталады?



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

Бағдарлама
Нормативтік құжат түрі

Пр 017-11.06.2025

30.04.2025 ж.

Бет 5-19

23. Креативтік және қаржылық үдерістердің байланысы қандай?
24. Медиажоспар деген не?
25. Кинодағы маркетингтің рөлі.
26. Медиакұқық пен авторлық құқықтың негіздері.
27. Референс деген не және ол не үшін қажет?
28. Фильмнің бюджеті неден құралады?
29. Әлеуметтік желілердің аудиовизуалды контентті ілгерілетудегі ықпалы.
30. YouTube және TikTok үшін видеоконтенттерге продюсерлік жасау.
31. «Ұлттық фильм» ұғымын талдаң түсіндіріңіз.
32. Тұнғыш қазақ мультфильмі.
33. Қазақстандағы кинофестивальдер.
34. «Қазақфильм» студиясы қашан және қалай құрылған?
35. Қазақстанда киноға көрсетілетін мемлекеттік қолдау.
36. Танымал қазақстандық тележурналистер мен жүргізушилер.
37. Шәкен Аймановтың фильмдері.
38. Телеөнердегі жанрлар мен форматтар.
39. «Амангелді» – қазақ киноөнерінің алғашқы экрандық туындысы.
40. Кинематография тарихы: кино өнерін өзгерткен ұлы режиссерлер.
41. Қазақстандағы шағын бюджетпен түсірілген фильмдер мен блокбастерлер.
42. Киноөнеріндегі оператор мамандығының рөлі.
43. Кинодағы «ұлттық код» ұғымын талдаң түсіндіріңіз, мысалдар келтіріңіз.
44. «Менің болашақ кейіпкерлерім»: қазақ халқының тарихындағы 30 ұлы тұлға.
45. Шәкен Аймановтың қазақ киноөнерін дамытудағы рөлі.
46. Қазақ киносындағы ұлттық тарихтың бейнеленуі.
47. Киноөндірісіндегі басты тұлғалар: режиссёр мен продюсер.
48. «Скрин-лайф» форматындағы фильмдер.
49. Темірбек Жүргеновтің ағартушылық қызметі.
50. Қазіргі қазақстандық сериалдар мен медиа-платформалар.
51. «Жоғалған және табылған» тақырыбына қысқаметражды фильмнің идеясын ойлап тап.
52. Қазақстандық көрерменге арналған телевизиялық шоудың тұжырымдамасын ұсыныңыз.
53. Соңғы жылдарда түсірілген үш сәтті сериалды атап, олардың табысты болу себептерін түсіндіріңіз.
54. Қазақстанның жастары туралы фильмге қалай продюсерлік жасар едіңіз?
55. Сіздің замандағы кейіпкеріңіз туралы фильмге логлайн ойлап табыңыз.
56. Қазақ аңызын заманауи сериалға қалай бейімдер едіңіз?

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ Бағдарлама Нормативтік құжат түрі	Пр 017-11.06.2025 30.04.2025 ж. Бет 6-19
--	---	--

57. Ой-идеядан - фильмнің экранға шығуына дейінгі жасалатын жұмыстарды сипаттаңыз.
58. Авторлық қысқаметражды фильмнің танымалдығын арттыру бойынша шағын жоспар жасаңыз.
59. Түсірілім тобын қалай құрап едіңіз?
60. Кастигті қалай ұйымдастырар едіңіз?
61. Отбасы туралы фильм түсіруге қандай локация таңдар едіңіз? Неліктен?
62. Режиссёр бекітіліп берген бюджеттен асып кетсе, қалай әрекет ету керек?
63. Жаңа веб-сериалға арналған жарнамалық науқан ойлап табыңыз.
64. Тәуелсіз фильм үшін дистрибуторды қалай таңдаған дұрыс?
65. Өзінізді питчингте тұрмын деп елеестетіңіз: ой-идеянызды қалай түсіндірер едіңіз?
66. Жасөспірімдерге арналған оқу-ағартушылық сериалдың идеясын жасаңыз.
67. Қазақтың шағын қаласындағы өмірді бейнелейтін фильмді қалай түсірер едіңіз?
68. Балалармен түсірілім ұйымдастырғанда нені ескеру қажет?
69. Дебюттік фильмінізді қандай фестивальдерге жіберер едіңіз?
70. 10 млн. теңгеге түсірілетін қысқаметражды фильмге бюджетті қалай жоспарлау керек?
71. Ауылдық жердегі әйелдер өмірі туралы деректі фильмнің тұжырымдамасын ойлап табыңыз.
72. Сіздің жобаңыздың постері қандай болуы тиіс?
73. Егер актер сценарийге сенбесе, онымен қалай жұмыс істеген дұрыс?
74. Инвестормен қарым-қатынасты қалай құру керек?
75. Қандай әлеуметтік тақырып сізді қызықтырады? Оны киноның көмегімен қалай көрсетер едіңіз?
76. Қазақ мәдениетін шет елдерге қандай жобалар насихаттай алар еді?
77. Қандай классикалық фильмді қазіргі заман талабына лайықтап бейімдер едіңіз?
78. Сериалда бірнеше режиссёрмен қалай жұмыс істеу керек?
79. Продюсер режиссёрдің авторлық ұстанымын қалай қорғап қала алады?
80. Фильмді әлеуметтік желілер арқылы танытууды қалай жоспарлар едіңіз?
81. Тележобаның танымалдығын арттыру мақсатында «вирустық ролик» ойлап табыңыз.
82. Композиторды қалай таңдау керек және ол не үшін қажет?
83. Сәтті тизер/трейлер қалай жасалады?
84. Баспасөз хабарламасына (пресс-кит) нені кіргізу керек?
85. Фильмнің кинотеатрдағы алғашқы көрсетілімін қалай ұйымдастыру керек?



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

Бағдарлама
Нормативтік құжат түрі

Пр 017-11.06.2025

30.04.2025 ж.

Бет 7-19

86. Халықаралық қаржыландыруды қалай тартуға болады?
87. Кино мен кәсіпкерлікті әріптес етудің (брэнд партнерство) жолдарын ойлап табыңыз?
88. Түсірілім болмай қалған жағдайда, қандай шараларды жүзеге асырған дұрыс?
89. Кинода кәсіби емес актерлармен қалай жұмыс істеу қажет?
90. Грантқа тапсырысты қалай дайындар едініз?
91. Диалогсыз фильм жобасын елестетіп көріңіз: қандай оқиғаны баяндауға болар еді?
92. Сериалға деген көрермен қызығушылығын кемітпеу үшін не істеу керек?
93. Интерактивті киноның классикалық фильмнен айырмашылығы неде және сіз оны қалай пайдаланар едініз?
94. Қазақтың ұлы ақынының мерейтойына арналған фильмнің тұжырымдамасын жасаңыз.
95. Сіз үшін мінсіз көрермен деген кім және оны қалай табасыз?
96. Жастар аудиториясын қандай заманауи тақырыптар қызықтыруы мүмкін?
97. Сіздің түсіріліміңгеге екі күн берілген деп ойлаңыз: - жоспарды қалай құрап едініз?
98. Платформаға (Netflix, Kazakhcinema) арналған жобаның таныстырылымына нені енгізуге болады?
99. Жарнама үшін тайминг пен түсірілім жоспарын қалай құруға болады?
100. Режиссер- шетелдік азамат деп ойлаңыз: өзара байланысты қалай ұйымдастыру керек?
101. Бүгінгі қазақ киносы үшін қандай әлеуметтік тақырыптар маңызды деп санайсыз?
102. Сіздің көзқарасыңыз бойынша, қазақстандық көрерменнің батыстық көрерменнен айырмашылығы неде?
103. Соңғы жылдардағы қазақстандық қандай киножобалар сіздің көңіліңізден шықты? Қандай ерекшелігімен?
104. Қазақ халқының қандай салт-дәстүрін, қандай форматта экранға шығарап едініз?
105. Қазақ қоғамындағы қандай мәселе телевизиялық сериал арқылы көрсетуге лайық?
106. Қазіргі замандағы қазақ жастарының өмірін, халықаралық аудиторияны қызықтыратындей етіп қалай түсіруге болады?
107. Сіздіңше, продюсер экрандық тәсілдердің көмегімен ұлттық бірегейлікті сақтауға қалай ықпал ете алады?
108. Кинодағы тіл мәселесіне (қазақ және орыс тілдері) қалай қарайсыз? Қандай сын-қатерлер мен мүмкіндіктер бар деп ойтайсыз?



109. Қазақстанның шалғай аймақтарындағы тұрмыс-тіршілік туралы деректі фильм түсірер болсаңыз, қандай желіге құрап едіңіз?
110. Қазіргі замандағы қазақстандық қандай кейіпкер көркем фильм қаһарманы болуға лайық? Неге?
111. Қазақ фольклорының қандай түрлерін жасөспірімдер аудиториясына бейімдеуге болады?
112. Қазақ жастарының патриоттық сезімін қалыптастыруға кино өнерінің ықпалы қандай?
113. Қазақстандық медианарықта қандай жанрлар, түрлер мен форматтар қамтылмай жүр? Ол кеңістікті немен толтыру қажет деп ойлайсыз?
114. Қазақ тілінде кино түсіруге ниеттенген продюсерді қандай қындықтар күтіп тұр? Оларды қалай еңсеруге болады?
115. Сіздің пікіріңізше, қазақ киносының халықаралық деңгейге шығуына не кедергі болып отыр?
116. Кино продюсері қазақстандағы «урбанизация» тақырыбын қалай аша алады?
117. Қандай халықаралық форматты қазақ телевизиясы үшін бейімдер едіңіз?
118. Қазақ киносындағы отбасы бейнесінің ерекшелігі неде және оны қалай қайтадан ой елегінен өткізуге болады?
119. Қазақстандық қандай музыкалық жанр (мысалы, терме, күй т.б.) фильм немесе сериал түсіруге негіз бола алар еді?
120. Сіз – Астананың болашағы туралы фильмнің продюсерісіз (30 жылдан соң). Фильм қандай болар еді? Қандай ой-идеяға басымдық берер едіңіз?

2. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Фрейлих, С.И. Кино теориясы [Мәтін]: Эйзенштейннен Тарковскийге дейін / С.И. Фрейлих; Аудармашылар: Мендене Ә.Н., Қараева Р.Р., Айтбаева А.Б., Женісұлы Е., Жолдасбаева Г.С.- 8-ші басылым.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2020.- 412 б. ISBN 978-601-7621-07-0
2. Бордуэлл, Д. Кино өнеріне кіріспе [Мәтін] / Д. Бордуэлл, К. Томпсон, Д. Смит; Аудармашылар: Ибраемова М.С., Кенжебаева Ұ.Е., Әлжан А.Қ.- 11-ші басылым.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2020.- 728 б. ISBN 978-601-7943-96-7
3. Митта, А. Кино между адом и раем [Текст]: Кино Эйзенштейну, Чехову, Шекспиру, Курносову, Феллини, Хичкоку, Тарковскому... / Александр Митта.- М.: АСТ, 2013.- 496 с. ISBN 978-5-17-078388-5
4. Нильсен, В. Изобразительное построение фильма: Теория и практика операторского мастерства [Текст] / В. Нильсен.- М: ВАГРИУС, 2017.- 230 с. ISBN 978-5-9697-0795-5



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ


Бағдарлама
Нормативтік құжат түрі

Пр 017-11.06.2025

30.04.2025 ж.

Бет 9-19

5. Беленьский, И. История кино [Текст]: Киносъемки, кинопромышленность, киноискусство / Игорь Беленьский.- М: Альпина Паблишер, 2020.- 405 с.
ISBN 978-5-9614-1813-2
6. Разлогов, К.Э. Кинопроцесс XX- начала XXI века искусство экрана в социодинамике культуры [Мәтін]: Теория и практика / К.Э. Разлогов.- М.: Академический проект, 2016.- 640с. ISBN 978-5-82911962-1
7. Эйзенштейн, С М. За кадром ключевые работы по теории кино [Текст] / С М. Эйзенштейн.- М: Академический проект, 2016.- 727 с. ISBN 978-5-8291-1963-8
8. Продюссерство. Управленческие решения [Текст]: Учебное пособие для студ. вузов, обучающихся по специальности "Продюсертство кино и телевидения", "Продюссерство" и др. кинематографических специальностям / под ред. В.С.Малышева, Ю.В.Криволуцкого.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2015.- 376 с.- (Медиаобразование). ISBN 978-5-238-02318-2:
9. Управление кинопроектом [Текст]: Учебное пособие для студентов, обучающихся по специальности "Продюсертство" / под ред. В.И. Сидоренко, Ю.В.Криволуцкого, П.К.Огурчикова.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2017.- 303 с.
ISBN 978-5-238-02961-0
10. Сидоренко, В.И. Продюсертство и право Юридические аспекты кинопроцесса [Текст]: Учебное пособие / В.И. Сидоренко, Е.А. Звегинцев.- М: ЮНИТИ-ДАНА, 2016.- 223 с.ISBN 978-5-238-02786-9:
11. Мусинова, А. Культура и СМИ : Культура и искусство в прессе Казахстана [Мәтін] / Асель Мусинова.- Алматы: Қазақ университеті, 2011.- 164 б. ISBN 9965-29-715-0
12. Иншакова, Н.Г. Рекламный и пиар-текст. Основы редактирования [Текст]: Учебное пособие / Н.Г. Иншакова.- М.: Аспект Пресс, 2014.- 256 с.ISBN 978-5-7567-0732-8
13. Н.С. Куркова, Анимационное кино и видео: АЗБУКА АНИМАЦИИ: Учебное пособие для вузов, 2-е издание. Москва – Юрайт – 2021. 234 с. ISBN 978-5-543-11227-6
14. Муканова, Т. ... и зреет художественный образ [Текст]: адаптация системы К.С. Станиславского для анимация / Тамара Муканова.- Алматы: КазНАИ им.Т.Жургенова, 2014.- 248 с. ISBN 978-601-265-133-1
15. Райан, Морин А. Профессия продюсер: пошаговое руководство по производству независимого кино / Морин А. Райан; пер. с англ. А Рытвина.- М.: Эксмо, 2024.- 512с.ISBN 978-5-04-174781-7
16. Увалижанова, Ә. Продюсер мамандығы / Әлия Увалижанова, Гүлнар Әбікеева; Қазақ тіліне аударған Ғайнижамал Әбілдина.- Алматы: RUAN, 2023.- 412 б.ISBN 978-601-7087-63-3



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

Бағдарлама
Нормативтік құжат түрі

Пр 017-11.06.2025

30.04.2025 ж.

Бет 10-19

17. Увальжанова, А. Профессия: продюсер [Текст] / А. Увальжанова, Г. Абикеева.- Алматы: RUAN, 2021.- 400 с.ISBN 978-601-7087-45-6;
18. Роднянский, А. Выходит продюсер / Александр Роднянский.- М.: Манн Иванов и Фербер, 2022.- 400 с. ISBN 978-5-00195-174-2.
19. Кинодистрибуция. Теория и практика: учеб. пособие для студентов вузов, обучающихся по специальности "Продюсерство" / под ред. В.И.Сидоренко, Л.А.Ланиной, Н.Б.Ромодановской.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2021.- 399 с.- (Продюсерство). ISBN 978-5-238-03508-6 0 с.

3. Шығармашылық емтихандарды бағалау критерийі

Телевизиялық және киножобалардың таныстырылымы

Балл	Дәстүрлі бағалау	Критерийлер
40-50	Өте жақсы()	<ul style="list-style-type: none">- жұмыстың тақырыбы толығымен ашылған.- жұмыстың нәтижесі- материалды жан-жақты терең білетінін көрсетеді: тақырыпты таңдау, авторлық баяндаудың өзіндік формасы мен тәсілі, сөздік қор байлығы, іс-әрекеттің қисыны, ұсынылған тақырыпты ашуудың толықтығы, шығармашылық қиялы.-кинематограф жанрларын жақсы біледі- материал кәсіби терминологияны қолдана отырып, нақты, дәйекті және жүйелі түрде берілген.- жазбаша жұмыстың ішкі қисының оңай анғаруға болады, жұмыс құрылымы нақты және айқын.- жұмыс сауатты баяндалған, жұмысты рәсімдеу ережелері сақталған.
35-39	Өте жақсы (5-)	<ul style="list-style-type: none">- жұмыс тақырыбы толығымен ашылған.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ Бағдарлама Нормативтік құжат түрі	Пр 017-11.06.2025 30.04.2025 ж.
	Бет 11-19	

	<p>- жұмыстың нәтижесі - материалды жан-жақты терең білетінін көрсетеді: тақырыпты таңдау, авторлық баяндаудың өзіндік формасы мен тәсілі, сөздік қор байлығы, іс-әрекеттің қисыны, ұсынылған тақырыптың толық ашылуы.</p> <p>-кинематография жанрларын жақсы біледі.</p> <p>- материал кәсіби терминологияны қолдана отырып, нақты, дәйекті, жүйелі түрде берілген.</p> <p>- жазбаша жұмыстың ішкі қисыньюңай аңғарылады, жұмыс құрылымы нақты және айқын.</p> <p>- жұмыстың баяндалуы сауатты, жұмысты рәсімдеу ережелері сақталған.</p>	
30-34	Жақсы (4+)	<p>-жұмыстың тақырыбы толығымен ашылған.</p> <p>- жұмыстың нәтижесі - материалды жан-жақты білетінін көрсетеді: тақырыпты таңдау, авторлық баяндаудың өзіндік формасы мен тәсілі, сөздік қор байлығы, іс-әрекеттің қисыны, ұсынылған тақырыптыңтолық ашылуы.</p> <p>-кинематография жанрларын жақсы біледі.</p> <p>- материал нақты, дәйекті, жүйелі түрде берілген.</p> <p>-жазбаша жұмыстың ішкі қисыны оңай аңғарылады, жұмыстың құрылымы нақты және айқын.</p> <p>- жұмыстың баяндалуы сауатты, жұмысты рәсімдеу ережелері сақталған.</p>
25-29	Жақсы (4)	<p>- жұмыс тақырыбы толығымен ашылған.</p>



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**


Бағдарлама
Нормативтік құжат түрі

Пр 017-11.06.2025

30.04.2025 ж.

Бет 12-19

		<ul style="list-style-type: none">- жұмыстың нәтижесі - материалды билетінін көрсетеді: тақырыпты тандау, сөздік қор байлығы, іс-әрекеттің қисыны, ұсынылған тақырыптың толық ашылуы.-кинематография жанрларын жақсы біледі.- материал нақты, дәйекті, жүйелі түрде берілген.- жазбаша жұмыстың ішкі қисынын оңай аңғаруға болады, жұмыс құрылымы нақты және айқын.- жұмыстың баяндалуы сауатты, жұмысты рәсімдеу ережелері сақталған.
20-24	Жақсы (4-)	<ul style="list-style-type: none">- жұмыс тақырыбы толығымен ашылған.- жұмыс нәтижесі - материалды жанжакты билетінін көрсетеді: тақырыпты тандау, сөздік қор байлығы, іс-әрекеттің қисыны, ұсынылған тақырыптолық ашылмаған.-кинематография жанрларын біледі.- материал нақты, дәйекті, жүйелі берілген-жазбаша жұмыстың ішкі қисыны оңай аңғарылады, жұмыс құрылымы нақты және айқын.-жұмыстың баяндалуы сауатты, жұмысты рәсімдеу ережелері сақталған.
15-19	Канағаттанарлық (3+)	<ul style="list-style-type: none">-жұмыс тақырыбы толығымен ашылған.- жұмыс нәтижесі - материалды билетінін көрсетеді: тақырыпты тандау, сөздік қор байлығы, іс-әрекеттің қисыны, бірақ, берілген тақырып толықашылмаған.-кинематография жанрларын біледі



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

Бағдарлама
Нормативтік құжат түрі

Пр 017-11.06.2025

30.04.2025 ж.

Бет 13-19

		<ul style="list-style-type: none">- материалды баяндауда нақтылық пен жүйелілік жоқ.- жазбаша жұмыстың ішкі қисындылығы байқалады.- жұмыстың баяндалуы сауатты, жұмысты рәсімдеу ережелері сақталған.
10-14	Қанағаттанарлық (3)	<ul style="list-style-type: none">- жұмыс тақырыбы ашылған.- жұмыс нәтижесі - материалды білетіндігін көрсетпейді: берілген тақырып толық ашылмаған.- кинематография жанрларын біледі.- материалды баяндауда нақтылық пен жүйелілік жоқ.- жазбаша жұмыстың ішкі қисындылығы байқалады.- жұмысты рәсімдеу ережелері сақталған.
5-9	Қанағаттанарлық (3-)	<ul style="list-style-type: none">- жұмыс тақырыбы ашылмаған.- жұмыс нәтижесі - материалды білмейтінін көрсетеді: берілген тақырып толық ашылмаған.- кинематография жанрларын жақсы білмейді.- материалды баяндауда нақтылық пен жүйелілік жоқ.- жазбаша жұмыстың ішкі қисыны аңғарылмайды.- жұмысты рәсімдеу ережелері сақталған.
0-4	Қанағаттанарлықсыз (2)	Жұмыс нәтижесі - материалды білу бағдарламасының минималдық талаптарынан да төмен деңгейді көрсетеді.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

Бағдарлама
Нормативтік құжат түрі

Пр 017-11.06.2025

30.04.2025 ж.

Бет 14-19

4.Шығармашылық емтиханды бағалау критерийі

Коллоквиум /ауызша/

Балл	Дәстүрлі бағалау	Критерийлер
40-50	Оте жақсы (5)	Tалапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық әлеуеті, экрандық өнер (кино, телевизия, радио, музика, театр, бейнелеу өнері)саласындағы білімі анықталады. - әдебиет тарихын (қазақ және шет елдік), кино және телевизия тарихын, музика тарихын жақсы біледі. - көркем туындыны бағалай алады, оған сипаттама береді. - туындының күшті және осал тұстарын, стилі мен бағыт-бағдарын анықтай алады. - өзінің шығармашылық ойын нақты дәлелдермен негіздейді. - шығармашылық емтихан барысында жазған жұмысының қисынын сауатты түрде түсіндіреді. - өзінің жауаптарында Қазақстандағы қазіргі көкейтесті мәселелерді және кино мен телевизияның өзекті тақырыптарын қамтиды. - қосымша сұрақтарға онай жауап береді.
35-39	Оте жақсы (5-)	Tалапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық әлеуеті, экрандық өнер (кино, телевизия, радио, музика, театр, бейнелеу өнері)саласындағы білімі анықталады. - әдебиет тарихын (қазақ және шет елдік), кино және телевизия тарихын, музика тарихын жақсы менгерген. - көркем туындыны бағалай алады, оған сипаттама бере біледі.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ**
ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

Бағдарлама
Нормативтік құжат түрі

Пр 017-11.06.2025

30.04.2025 ж.

Бет 15-19

30-34	Жақсы (4+)	<ul style="list-style-type: none">- туындының күшті және осал тұстарын, стилі мен бағыт-бағдарын анықтай алады.- өзінің шығармашылық ойын нақты дәлелдермен негіздей алмайды.- шығармашылық емтихан барысында жазған жұмысының қисынын сауатты түрде түсіндіреді.- өзінің жауаптарында Қазақстандағы қазіргі көкейтесті мәселелерді және кино мен телевизияның өзекті тақырыптарын қамтып отырады.- қосымша сұраптарға жауап береді. <p>Талапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық әлеуеті, экрандық өнер (кино, телевизия, радио, музыка, театр, бейнелеу өнері) саласындағы білімі анықталады.</p> <ul style="list-style-type: none">- әдебиет тарихын (қазақ және шет елдік), кино және телевизия тарихын, музыка тарихын жақсы біледі.- көркем туындыны бағалай алады, оған сипаттама береді.- туындының күшті және осал тұстарын, стилі мен бағыт-бағдарын анықтай алады.- өзінің шығармашылық ойын нақты дәлелдермен негіздемейді.- шығармашылық емтихан барысында жазған жұмысының қисынын сауатты түрде түсіндіреді.- өзінің жауаптарында Қазақстандағы қазіргі көкейтесті мәселелерді және кино мен телевизияның өзекті тақырыптарын жан-жақты қамтып айта алмайды.- қосымша сұраптарға нақты жауап бере алмайды.
-------	---------------	--



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

Бағдарлама
Нормативтік құжат түрі

Пр 017-11.06.2025

30.04.2025 ж.

Бет 16-19

25-29	Жақсы (4)	<p>Талапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық әлеуеті, экрандық өнер (кино, телевизия, радио, музика, театр, бейнелеу өнері) саласындағы білімі анықталады.</p> <ul style="list-style-type: none">- әдебиет тарихын (қазақ және шет елдік), кино және телевизия тарихын, музика тарихын жақсы біледі.- көркем туындыны бағалай алады, оған сипаттама берсе біледі.- туындының күшті және осал тұстарын, стилі мен бағыт-бағдарын анықтауға қабілетті.- өзінің шығармашылық ойын нақты дәлелдермен негіздемейді.- шығармашылық емтихан барысында жазған жұмысын қысынды түрде түсіндірмейді.- өзінің жауаптарында Қазақстандағы қазіргі көкейтесті мәселелерді және кино мен телевизияның өзекті тақырыптарын толық қамтып айта алмайды.- қосымша сұрақтарға ішінараған жауап береді.
20-24	Жақсы (4-)	<p>Талапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық әлеуеті, экрандық өнер (кино, телевизия, радио, музика, театр, бейнелеу өнері) саласындағы білімі анықталады.</p> <ul style="list-style-type: none">- әдебиет тарихын (қазақ және шет елдік), кино және телевизия тарихын, музика тарихын біледі.- көркем туындыны бағалай алады, оған сипаттама берсе алады.- туындының күшті және осал тұстарын, стилі мен бағыт-бағдарын айқындаі алмайды.- өзінің шығармашылық ойын нақты дәлелдермен негіздемейді.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ**
**ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**


Бағдарлама
Нормативтік құжат түрі

Пр 017-11.06.2025

30.04.2025 ж.

Бет 17-19

		<ul style="list-style-type: none">- шығармашылық емтихан барысында жазған жұмысын қисынды түрде түсіндіре білмейді.- өзінің жауаптарында Қазақстандағы қазіргі көкейтесті мәселелерді және кино мен телевизияның өзекті тақырыптарын толық қамтымайды.- қосымша сұрақтарға дәйекті түрде жауап бере алмайды.
15-19	Қанағаттанарлық (3+)	<ul style="list-style-type: none">Талапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық әлеуеті, экрандық өнер (кино, телевизия, радио, музыка, театр, бейнелеу өнері) саласындағы білімі анықталады.- әдебиет тарихын (қазақ және шет елдік), кино және телевизия тарихын, музыка тарихын біледі.- көркем туындыны бағалауда нақты түсінігі мен ұстанымы қалыптаспаган.- туындының күшті және осал тұстарын, стилі мен бағыт-бағдарын нақты анықтай алмайды.- өзінің шығармашылық ойын нақты дәлелдермен негіздемейді.- шығармашылық емтихан барысында жазған жұмысын қисынды түрде түсіндіре білмейді.- өзінің жауаптарында Қазақстандағы қазіргі көкейтесті мәселелерді және кино мен телевизияның өзекті тақырыптарын толық қамтымайды.- қосымша сұрақтарға нашар жауап береді.
10-14	Қанағаттанарлық (3)	<ul style="list-style-type: none">Талапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық әлеуеті, экрандық өнер (кино, телевизия, радио, музыка, театр, бейнелеу өнері) саласындағы білімі анықталады.- әдебиет тарихын (қазақ және шет елдік), кино және телевизия тарихын,



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

Бағдарлама
Нормативтік құжат түрі

Пр 017-11.06.2025

30.04.2025 ж.

Бет 18-19

5-9	Қанағаттанарлық (3-)	<p>музыка тарихын жақсы білмейді-көркем туындыны бағалауда нақты түсінігі мен ұстанымы қалыптаспаған.</p> <ul style="list-style-type: none">- туындының күшті және осал тұстарын, стилі мен бағыт-бағдарын ажыратып айта алмайды.- өзінің шығармашылық ойын нақты дәлелдермен негіздемейді.- шығармашылық емтихан барысында жазған жұмысы туралы түсіндірмелері қисынсыз.- өзінің жауаптарында Қазақстандағы қазіргі көкейтесті мәселелерді және кино мен телевизияның өзекті тақырыптарын толық ашып көрсетпейді.- қосымша сұраптарға жауап беру деңгейі нашар. <p>Талапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық әлеуеті, экрандық өнер (кино, телевизия, радио, музыка, театр, бейнелеу өнері) саласындағы білімі анықталады.</p> <ul style="list-style-type: none">- әдебиет тарихын (қазақ және шет елдік), кино және телевизия тарихын, музыка тарихын жақсы білмейді-көркем туындыны бағалауда нақты түсінігі мен өзіндік ұстанымы қалыптаспаған.- туындының күшті және осал тұстарын, стилі мен бағыт-бағдарын талдалап айта алмайды.- өзінің шығармашылық ойын нақты дәлелдермен негіздемейді.- шығармашылық емтихан барысында жазған жұмысы туралы түсіндірмелері қисынга келмейді.- өзінің жауаптарында Қазақстандағы қазіргі көкейтесті мәселелерді және кино мен телевизияның өзекті
-----	---------------------------------	---



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

Бағдарлама
Нормативтік күжат түрі

Пр 017-11.06.2025

30.04.2025 ж.

Бет 19-19

		тақырыптарын толық тарқатып көрсетпейді. - қосымша сұрақтарға жауап береді.
0-4	Қанағаттанарлықсыз (2)	Жұмыс нәтижесі - талапкердің материалды білуі, бағдарламаның минималды талаптарынан да төмен деңгейде екенін көрсетеді.